ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 18 тамыз №3115-25-00-2/1717 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Сәлиев» Сәлиев Жәнібек Сметуллаұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272, 293 бабтарын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер «Сәлиев» Сәлиев Жәнібек Сметуллаұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Сәлиев» Сәлиев Жәнібек Сметуллаұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Сәлиев» Сәлиев Жәнібек Сметуллаұлынан мемлекет пайдасына 2 442 (екі мың төрт жүз қырық екі) теңге айыппұл өндірілсін.

Жауапкер дара кәсіпкер «Сәлиев» Сәлиев Жәнібек Сметуллаұлынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер дара кәсіпкер «Сәлиев» Сәлиев Жәнібек Сметуллаұлынан талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 73 (жетпіс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 18 тамыз 2025 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенбиева Б. С., 18.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.09.2025, судья Сәрсенбиева Б. С., 30.09.2025